



Kazakh A: literature – Standard level – Paper 1

Kazakh A : littérature – Niveau moyen – Épreuve 1

Kazakh A: literatura – Nivel medio – Prueba 1

Wednesday 4 May 2016 (afternoon)

Mercredi 4 mai 2016 (après-midi)

Miércoles 4 de mayo de 2016 (tarde)

1 hour 30 minutes / 1 heure 30 minutes / 1 hora 30 minutos

Instructions to candidates

- Do not open this examination paper until instructed to do so.
- Write a guided literary analysis on one passage only. In your answer you must address both of the guiding questions provided.
- The maximum mark for this examination paper is **[20 marks]**.

Instructions destinées aux candidats

- N'ouvrez pas cette épreuve avant d'y être autorisé(e).
- Rédigez une analyse littéraire dirigée d'un seul des passages. Les deux questions d'orientation fournies doivent être traitées dans votre réponse.
- Le nombre maximum de points pour cette épreuve d'examen est de **[20 points]**.

Instrucciones para los alumnos

- No abra esta prueba hasta que se lo autoricen.
- Escriba un análisis literario guiado sobre un solo pasaje. Debe abordar las dos preguntas de orientación en su respuesta.
- La puntuación máxima para esta prueba de examen es **[20 puntos]**.

Ұсынылған тапсырмалардың **біреуіне** ғана әдеби талдау жасаңыз. Жауабыңызда тапсырмаға берілген сұрақтың екеуін де қамтуыңыз қажет.

1.

Далада сықырлаған аяз, үй ішінде тышқанның тықырынан басқа дыбыс жоқ.

- Әсия қазір тоғызда, әкесі Майлыбай қырықтың ішіндегі кісі. Көптен бері Байғабыл байдың қойын бағады. Былтырдан тамак асырау қыын болып бара жатқан соң, үй ішімен байдың бір үйіне кіріп алып, қатыны байдың үй шаруасын басқарады, өзі далада малда жүреді. Әсия әкесін тіпті аз көреді. Балалар үйықтап жатқанда кетеді, түнде тағы бұлар жатып қалғанда келеді. Тек кейде, әжесі: «**Ұйықтамай от жағып отыра тұр, мен кешікпей келемін!**» деген соң, от жағып күтіп отырғанда ғана көріп қалады.

- Сақал-мұртына мұз қатып, күпісінің жағасы, тымағы қырауытып, сықырлап келеді. Келгенде үндемейді, кейіп жүрген сияқты. Қайдан келдің, не істеп келдің деп сұрауға да 10 Әсия бата алмайды, қорқады.

- Әжесі ғой! Ол тіпті босамайды. Күні бойы байдың үйінде. Балалар үйықтап жатқанда кетеді, байдың суын әкеліп, отын жағып, шайын даярлап беріп, үйге бір келіп кетеді. Су әкеліп, от жағып балаларға кешеден тұрған байдың үйінен келген азғана сарқытты беріп, болмаса көжесін беріп, Әсияға ол-пұл үйдің шаруасын тапсырып, бөпенді 15 жылатпа, қарағым, дейді де кетеді...

- Қыс өтіп, жылы, жайлі жаз келді. Күн күлімдеп, дүние жасарып, жан-жануар, қызғалдақ шөптер үйықтап оянғандай, жазылып, керіліп, ың-жың болып, жаратылыстың кең шатыры тігілді, кедей де, бай да жаратылыстың құшағына кірді.

- Бірақ тоғыз жасар Әсияның қызметі қысты күнгіден артпаса, кеміген жоқ. 20 Әжесінің жұмысы көбейген сайын Әсияның да міндеті арта бермек. Мал балалап, қыстаудан шыққан соң-ақ әйелдің жұмысы басынан асады. Әсияның әжесі де ұзақ күнге байдың үйінен босамайтын болды.

- Әсия таңертең үлкен қыздармен суға барады. Иін ағашқа ілген екі шелек судың ауырлығынан иймиіп, үйіне жеткенше неше рет дем алып, бәрінің соңында қалып, жете 25 алмай келе жатқаны...

- Жамырап бара жатқан бұзауды енесінен айырамын деп, әлі жетпей, шашы жалбырап, қып-қызыл болып, жыламсырап барынша шіреніп жатқаны...
- От жағып, сүтін пісіре алмай, күие-күие болып, көздерін тұтін шалып, әбігер шегіп жүргені.

- 30 Қыстықүнгідей емес, ауыл болып аралас-қоралас отырған соң, Әсиялар күні бойы бәйбішенің көз алдында. Бәйбіше титтей бос жүргізісі келмейді.

- Әсия, баланы тербете тұршы! Әсия, құманға су құйып әкелші! – Әсия, қозы үстасшы!
- Әсия, ананы істеші. Әсия, мынаны істеші, – деген бәйбішенің бүйрықтары жаздың 35 ұзак күнінде құлақтан кетпейді...

- Әсияның үйі өздеріне қоңсы қонып, қызметіне кіріскең соң, бәйбіше Майлыбайдың үй ішін бірін қалдырмай пайдасына жаратқысы келеді.

- Кішкене Өміртай көбіне жалғыз, күн жылы болған соң, онша құтуді керек қылмайды, анда-санда бір, Әсия айран құйып беріп кетеді, үсті-басы қақ-қақ болып, күлге былғанып, 40 өзімен-өзі болып жүре береді.

Сәбит Мұқанов, Әсия (1924)

- (a) Үзіндіде Әсия мен оның отбасы жағдайын сипаттауда пайдаланылған әдіс-тәсілдерді зерттеңіз және автордың осы амалдар арқылы қол жеткізген әсерге түсініктеме беріңіз.
- (b) Берілген үзіндіде қолданылған тілдің суреттеме және көркемдегіш құралдары және олар арқылы қол жеткізілген әсер туралы қандай түсініктеме бере аласыз?

2.

Жазғытұры

Су ақты, жетті апрель қырдан ойға,
Секіріп арық-тұрақ кетті тойға,
Жас бала: «Жазғытұры туды» – десіп,
Жабағы, көтерем тай, ақсақ қой да.

- 5 Қуанып жан-жануар, алшаң басып,
 Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда,
 Нұрлы Күн алтын нұрын шашты аямай,
 Шықсын деп қысқы ызғар өткен бойға.
 Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып,
- 10 Дәл сұлу бұрандаған шолпы тағып.
 Түрлі үнмен жаңа келген жылдың құсы
 Түрғандай қобыз ойнап, әнге салып.
 Бай аулы жылқы қамап, қыл күзетер,
 Белсенген жылқышыға ноқталатып.
- 15 Балалар етек түріп, зыр жүгірер,
 Батпақта бірін-бірі домалатып.
 Қырдағы жылқышылар үйқы көрмес,
 Қолынан құлыш ғибадатып,
 Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
- 20 Жібектей көкорайлар жатқан жайнап.
 Сұлудай бұрандайды бұтақтар да,
 Ән салса әр түрлі құс түрған сайрап.
 Суықтан тоңып өлген шыбын-шіркей,
 Тіріліп қанат қағып быж-быж қайнап.
- 25 Аспанда күн күркіреп, от жарқылдап,
 Жылы жел қара бұлтты тербеп айдал.
 Үызға жаңа тойған жас құлышынды
 Шыңғыртып, жылқышылар ұстап, байлап,
 Азырақ қүйлі шықкан қысыр тайын
- 30 Балалар шапқыласқан, мініп жайдақ.
 Қыс қысқан арық-тұрақ, жаман-жәутік
 Кетті ғой өлдеқашан тырақайлап,
 Жаратқан жанға рақат жазғытұры,
 Шүкір қыл бір аллаға «я, құдайлап».

Мағжан Жұмабаев (1912)

- (a) Ақынның бүл өлеңінде табиғат көріністерін жырлауда пайдаланған әдіс-тәсілдерге түсініктеме беріңіз.
- (b) Өлеңде қолданылған тілдің көркемдегіш әдіс-тәсілдері және осы әдістер арқылы жүзеге асырылған әсерге түсініктеме беріңіз.